

## Павлодар ауданы Ефремовка ауылдық округі Ефремовка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Павлодар ауданы Ефремовка ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 1-03-16 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 5352 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ефремовка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде Ефремовка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар ауданы Ефремовка ауылдық округінің Ефремовка ауылында "Степная" көшесі "Дмитрий Агеев" көшесіне, "Лесная" көшесі "Тәуелсіздік" көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Ефремовка ауылдық  
округінің әкімі*

*А. Оразалин*